

Роуминг серіктесті желіде қолдан тіркеу:

Android:

1. Реттеулер – Басқа желілер немесе Басқа* - Мобильді желілер - WCDMA/GSM немесе GSM/UMTS(3G) екілік режимін таңдаңыз
2. Роумингте тіркелгеннен кейін Kcell жолдайтын сәлем SMS келеді.
3. Қолдан іздеу режимі арқылы оператордың сәлем SMS хабарламасында ұсынылған операторды таңдаңыз (қажет болған жағдайда талпынысыңызды қайталаңыз).
4. Байланыс жоғалған жағдайда іздеуді қолдан жүргізуді қайталаңыз (қажет болған жағдайда бірнеше рет).

iPhone:

1. Реттеулер бөлімінде 3G қабылдайтын режимнің таңдалғанын тексеріңіз – Ұялы байланыс – Дауыс/деректер - 3G. (*Ескерту: 8.1 төмен болатын IOS жүйесінде – Реттеулер – Ұялы байланыс - 3G қосу)
2. Кез келген желіде автоматты тіркеуден кейін Kcell сәлем SMS хабарламасын күтіңіз.
3. Қолдан іздеу режимі арқылы Реттеулер – Оператор- Автоматты – қосыңыз, тізім ішінен оператордың сәлем SMS хабарламасында ұсынылған операторды таңдаңыз (қажет болған жағдайда талпынысыңызды қайталаңыз).
4. Егер ұсынылған оператор желісінде тіркелу мүмкін болмаса, 3G режимін өшіріп, Реттеулер– Ұялы байланыс – Дауыс/деректер– 2G (*Ескерту: 8.1 төмен болатын IOS жүйесінде – Реттеулер – Ұялы байланыс - 3G өшіру), телефоныңызды өшіріп қосып, тағы бір мәрте тіркеліп көріңіз (қажет болған жағдайда бірнеше рет қайталаңыз)

Мобильді Интернетті пайдаланғыңыз келсе:

1. Шетелге шықпас бұрын Мобильді Интернет қызметінің тарифтерімен танысыңыз.
2. Реттеулерде APN жиегіне internet сөзін жазу арқылы internet қол жеткізу нүктесін көрсетіңіз және төмендегідей ретте деректерді беру қызметін қосыңыз

Android:

- Реттеулер – Басқа желілер немесе Тағы* – Мобильді желілер – Қол жеткізу нүктелері (APN) – жаңа қол жеткізу нүктесі (аты: internet, APN: internet, тип APN: default)

Реттеулер – Басқа желілер немесе Тағы* – Мобильді желілер – Деректерді беру немесе Роумингтегі деректер– қосыңыз.

iPhone:

- Реттеулер – Ұялы байланыс – Ұялы деректер – Ұялы байланыс деректерді беру. (APN: internet)

- Реттеулер – Ұялы байланыс – Ұялы деректер – қосыңыз - Деректер роумингі - қосыңыз

3. Интернет-трафикті тұтынуды бақылау мақсатында келесідей ретте қосымшалардың автоматты түрде жаңартылуын өшіріңіз:

Android:

Play Market – Ағып шығатын мәзірді шақырыңыз (сол жақтан жоғарғы жағында) – Реттеулер– «Қосымшаларды тек Wi-Fi арқылы ғана автоматты түрде жаңартуды» таңдаңыз.

iPhone:

Реттеулер – iTunes Store App Store – Автоматты жүктеулер (барлығын өшіріп) жаңартуды ұялы деректер арқылы жүргізуге тыйым салыңыз

Мобильді Интернетті пайдаланғыңыз келмесе:

Android:

1. Реттеулер – Деректерді пайдалану* – Мобильді деректер(қанат белгісін алып тастаңыз).
2. Реттеулер – Басқа желілер* – Мобильді желілер – Роумингтегі деректер (қанат белгісін алып тастаңыз).

iPhone:

3. Реттеулер – Ұялы байланыс – Деректер роумингі - өшіріңіз
4. Реттеулер – Ұялы байланыс – Wi-Fi көмегі – өшіріңіз (IOS 9 нұсқасы)

*Смартфон моделіне және астарлау нұсқасына байланысты реттеулерде айырмашылық болуы мүмкін.

Назар аударыңыз!

Сондай-ақ What's up, Viber сияқты қосымшаларда бейне, аудио, суреттердің автоматты түрде жүктелуін өшіру қажет